

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ TOPICAL ISSUES OF SOCIOLOGY

FTAMP: 04.51.65

DOI: 10.51889/2959-6270.2025.89.1.001

У.А.Тунгатова ¹, И.С.Сарыбаева ¹, А.Т.Омарова ^{2*}, А.С.Молжанова ¹
¹ ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
² Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
* e-mail: omarova.ase@mail.ru

АРНАЙЫ КІТАПХАНАЛАР КӨРУ МҮМКІНДІГІНЕН АЙЫРЫЛҒАН ЖАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Көру қабілеті бұзылған адамдар қоғамда көптеген қиындықтарға, соның ішінде көбінесе білім алуда, жұмысқа орналасуда, әлеуметтік қарым-қатынаста және ақпараттану процесінде қиындықтар кезігіп жатады. Кітаптар, журналдар және газеттер сияқты материалдардың көпшілігі баспа түрінде болғандықтан олардың білім алуы, оқиғалар мен жаңалықтар туралы білуі, қызығушылықтары мен хоббилерін дамытуы шектеледі. Бұл мәселені шешуде көру қабілеті бұзылған адамдарға қызмет көрсететін арнайы кітапханалар маңызды рөл атқарады.

Мақаланың теориялық бөлімінде зағип жандарға арналған кітапхананың даму тарихына, арнайы кітапхананың олардың әлеуметтік бейімделуіне және қоғамға интеграциялануына қатысты ғылыми шолу жасалады. Зерттеудің эмпирикалық бөлімін Алматы қаласындағы Республикалық арнайы кітапхана оқырмандары мен қызметкерлері арасында құрылымданған сұхбат әдісімен жүргізілген зерттеу нәтижелері құрайды. Зерттеу нәтижесінде арнайы кітапханалар зағип жандардың өзін-өзі дамытуы мен қоғам өміріне белсенді араласуына, қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімделуіне белсенді ықпал ететіні анықталды. Мақалада кітапханада өткізілетін мәдени-ағартушылық іс-шаралардың оқырмандардың өмір сапасын жақсартуына әсері және арнайы кітапханалардың жұмысын жақсартудағы кездесетін мәселелер талданады. Мақала нәтижелерін мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған инклюзивті білім беру жүйесінде және әлеуметтік қызмет көрсету салаларында қолдануға болады.

Түйін сөздер: арнайы кітапхана, зағип жандар, әлеуметтік бейімделу, инклюзия, қолжетімділік

Тунгатова У.А. ¹, Сарыбаева И.С. ¹, Омарова А.Т. ^{2*}, Молжанова А.С. ¹
¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г.Алматы, Республика Казахстан
² Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
г.Алматы, Республика Казахстан

СПЕЦИАЛЬНЫЕ БИБЛИОТЕКИ КАК СРЕДСТВО СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ ЛЮДЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ЗРЕНИЯ

Аннотация

Люди с нарушениями зрения сталкиваются с рядом значительных трудностей в социальной и профессиональной сферах, включая ограниченный доступ к образовательным ресурсам, трудности при поиске работы, проблемы в социальном взаимодействии и восприятии информации. Печатные материалы, такие как книги, журналы и газеты, остаются

основным источником знаний и информации, что существенно ограничивает возможности их образования, формирования общественного мнения и развития интересов. Важную роль в преодолении этих барьеров играют специализированные библиотеки, которые предоставляют доступ к информации в доступных форматах для людей с нарушениями зрения, обеспечивая их интеграцию в общественную и культурную жизнь.

В теоретической части статьи представлен научный обзор истории развития библиотек для людей с нарушениями зрения, а также их роли в социальной адаптации и интеграции слепых в общество через деятельность специализированных библиотек. Эмпирическая часть включает результаты структурированных интервью с читателями и сотрудниками Республиканской специальной библиотеки города Алматы. Исследование показало, что такие библиотеки играют ключевую роль в стимулировании саморазвития и активного участия слепых в социальной жизни, способствуя их успешной адаптации к обществу. В статье также анализируется влияние культурно-просветительской работы библиотеки на повышение качества жизни ее читателей, а также обсуждаются проблемы и вызовы, с которыми сталкиваются специальные библиотеки в процессе улучшения своей деятельности. Результаты исследования могут быть полезны для разработки и совершенствования инклюзивных образовательных и социальных программ, направленных на улучшение качества жизни людей с ограниченными возможностями.

Ключевые слова: специальная библиотека, слепые, социальная адаптация, инклюзия, доступность

U.Tungatova ¹, I.Sarybayeva ¹, A.Omarova ^{2*}, A.Molzhanova ¹
¹ Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
² Nur-Mubarak University

SPECIALIZED LIBRARIES AS A MEANS OF SOCIAL ADAPTATION FOR VISUALLY IMPAIRED INDIVIDUALS

Annotation

Visually impaired people face a number of significant difficulties in social and professional spheres, including limited access to educational resources, difficulty in finding employment, problems in social interaction and the perception of information. Printed materials such as books, magazines and newspapers remain the main source of knowledge and information, which significantly limits their ability to educate, shape public opinion and develop interests. Specialized libraries that provide access to information in accessible formats for people with visual impairments, ensuring their integration into social and cultural life, play an important role in overcoming these barriers.

The theoretical part of the article presents a scientific review of the history of the development of libraries for people with visual impairments, as well as their role in social adaptation and integration of blind people into society through the activities of specialized libraries. The empirical part includes results of structured interviews with readers and employees of the Republican Special Library of Almaty. The study showed that such libraries play a key role in stimulating self-development and active participation of blind people in social life, facilitating their successful adaptation to society. The article also analyses the impact of cultural and educational work of the library on improving the quality of life of its readers, as well as discussing problems and challenges that special libraries face in the process of improving their activities. The results of the study can be useful for developing and improving inclusive educational and social programs aimed at improving the quality of life of people with disabilities.

Keywords: special library, blind people, social adaptation, inclusion, accessibility

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Ерте кезеңнен көру қабілеті бұзылған немесе зағип жандарға өздерін дамыту үшін оқи алу мүмкіндіктері мен жолдарын қарастырылып, оларды арналған арнайы шрифттер ойлап табуды қолға алған. Осы әрекеттердің жүзеге асуына тікелей үлес қосқан арнайы кітапханалардың қалыптасуы мен шығу тарихына ғылыми шолу ұсынайық.

Арнайы кітапханалар көру қабілеті бұзылған адамдарды әлеуметтік қолдау жүйесінде олардың қоғамда дамуына, ақпараттарға, мәдениетке және білім алу қолжетімділігіне теңдей мүмкіндіктер беретін қажетті мекеме ретінде қарастырылады. Оның ақпараттық орталық ғана емес, әлеуметтік әлеуметтік бейімделуге, мәдени дамуға және әлеуметтік байланысты орнататын кеңістік ретіндегі рөлі сараланады.

Кітапхана көз жанарында кемістігі бар тұлғаларға Брайл шрифтімен кітаптарды, тактильді құралдарды, аудио кітаптарды, сандық материалдарды, сияқты бейімделген ресурстардың кең спектрін ұсынады. Осы қызметтердің қолжетімділігі мен сапасы кітапхана қызметін қолданушы оқырмандарынан алынған сұхбат негізінде талданады.

Арнайы кітапханалардың ұйымдастыратын әдеби кештер, көрмелер, тренингтер т.б. сияқты іс-шаралардың мүмкіндігі шектеуді жандарды мәдени қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімделуіне, өзін-өзі тануына, интеграциясына әсері мен тиімділік деңгейі зерттеулер мәліметтері негізінде талданады.

Сонымен бірге, арнайы кітапханалардағы қаржының жетіспеуі, білікті мамандардың тапшылығы, арнайы кітапханалардың қызмет көрсетуіндегі олқылықтар, арнайы кітапханаларды басқару мен олардың жетілдіруге негізделген «Зағиптарға арналған кітапхана ісі» туралы заңның қажеттілігі қарастырылып, оны шешу мүмкіндіктері сараланады.

Қорытындыда әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері тұжырымдалып, аталған мәселені бұдан ары пәнаралық деңгейде зерттеу бойынша ұсыныстар келтіріледі. Көру қабілеті бұзылған немесе зағип адамдардың қоғамда өздерін қалыпты адамдармен тең ұстауын қамтамасыз ету үшін әлі де көптеген жұмыстар жасалып, мен мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру қажеттілігі нақтыланады.

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдардың, атап айтқанда көру мүмкіндігінен айырылған (толығымен/жартылай) адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелеріне ерекше назар аударылуда. Көру мүмкіндігінен айырылған жандар үшін арнайы кітапханалар шешуші рөл атқарады, олар толыққанды өмір сүру және қоғамға ену үшін қажетті ақпарат пен мәдени ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Арнайы кітапханалар әртүрлі жанрдағы және форматтағы (аудио) әдебиеттерге, соның ішінде аудиокітаптар мен тактильді материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қарым-қатынас, оқу және өзін-өзі көрсету кеңістігін қалыптастырады. Арнайы кітапханалар көру қабілеті бұзылған адамдардың тәуелсіздігі мен сенімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Олар компьютерлік сауаттылық, бағдарлау және ұтқырлық дағдылары сияқты қоғамда сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламаларды ұсынады. Сонымен қатар, кітапханалар әлеуметтену мен тәжірибе алмасуға ықпал ететін іс-шаралар өткізілетін мәдени өмірдің орталықтарына айналады. Осылайша, арнайы кітапханалар білімге қол жеткізуге ықпал етіп, сонымен қатар стереотиптер мен бейімділіктерді жоюға көмектесетін көру қабілеті нашар адамдардың оң имиджін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мақалада арнайы кітапханалардың әлеуметтік бейімделудің тиімді құралы бола алатындығы қарастырылады, сонымен қатар осы саладағы табысты тәжірибелер мен бастамалардың мысалдары талданады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметтеріне қарағанда елімізде нашар көретіндер және көзі көрмейтін 89 мың адам көру қабілеті бойынша мүгедектік алады. Бұл жандар қоғамға әлеуметтік интеграциялану мен әлеуметтік

шынайылыққа бейімделуде көптеген қиындықтармен өмір сүруде. Кедергілер арасында физикалық және технологиялық жағдайларға, яғни тұрғын үй, көлікпен қамтамасыз ету және тұрмыстық жағдайларға, сондай-ақ зағип адамдардың қоғамның өміріне толық қатысуына мүмкіндік беретін ақпараттық технологияларға қолжетімділікке ерекше назар аударуды қажет етеді [1].

Көру қабілеті бұзылған адамдарды қоғамға интеграциялауда олардың әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтенуін дұрыс ұйымдастыру маңызды. Әлеуметтік бейімделу – бұл индивидті әлеуметтік орта жағдайларына қабілеттендіру болып табылады. Олардың қоғамдық ортаға әлеуметтік бейімделуіндегі негізгі институттардың бірі ретінде арнайы кітапханалар қатысады. Арнайы кітапханалар аталған санаттағы жандардың жаңа ақпараттар мен мәдени іс-шараларға қатыса отырып қоғамның толыққанды мүшесі ретінде әлеуметтік бейімделуіне көмектесетін әлеуметтік институт. Кітапханаға келушілерді екі топқа бөліп қарауға болады, біріншісі, көру қабілеті нашар, бірақ өз-өзіне қызмет көрсете алатындар, екіншісі, көру қабілеті нашар немесе мүлде көрмейтіндер кітапхана қызметкерлерінің көмегін қажет ететіндер. Бірақ, кітапхана келушілерге тек қана кітаптарды уақытша қолдануды ұсынып ғана қоймай, сонымен бірге әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру қызметтерін де жүзеге асырады. Сондықтан да, бұл мақаланың мақсаты – көру қабілеті шектеулі жандардың арнайы кітапханалардың қызметі пайдалана отырып, әлеуметтік бейімделуінің ерекшеліктерін талдау болып табылады. Зерттеу мақсаттарына сәйкес келесідей міндеттер қойылады: көру қабілеті бұзылған немесе зағип жандарға арнайы кітапханалардың тигізетін көмегін саралау; арнайы кітапханалардың негізгі қызметтерінің қолжетімділігі мен қызмет ету сапасын бағалау; көру қабілеті бұзылған адамдардың әлеуметтік интеграциялануына бағытталған арнайы кітапханалардың әлеуметтік, ағартушылық, мәдени іс-шараларының тиімділігін талдау.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Ерте кезеңнен бастап қоғамда көру қабілеті бұзылған адамдардың басқа адамдармен бірдей оқи алуына мүмкіндікті арттыру үшін арнайы шрифттерді ойлар табуға қадамдар жасалған. Зағип жандарды балауызбен көмкерілген қаламдар арқылы оқу мен жазуға үйретуді араб ойшылы Араб-Эль-Амид (1320), мадридтік ғалым Франсиско Лукас (1581), римдік Рампасетто (XVI ғасырдың аяғында) және философ Гарсдерфер жазбаларында көрсетілген.

Көру қабілеті бұзылған адамдарға арналған жазудың пайда болу кезеңі XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басына сәйкес келеді. Италияндық Франсиско Лана де Терци нүктелік шрифті ойлап табушылардың бірі болып табылады. Брайл шрифтерінің туындауына әсер еткен ғалым ретінде танымал болған [2].

Француздық философ Денис Дидро «Көзі көретіндерге арналған соқырлар туралы хат» атты 1749 жылғы еңбегінде көзі көрмейтін жандарды ортаға бейімдеу туралы ақсүйектер мен меценаттарға ой қозғап, қоғамның назарын аударуға тырысқан.

1771 жылы Парижде ұйымдастырылған жәрмеңкеде әншілер, әртістер, цирк әртістері мен қуыршақ қойылымдары қойылып, алғаш рет зағиптарға арналған «Quinze-Vingts» үйінің тәрбиеленушілері өз өнерлерін көрсеткен. Көзі көрмейтін жандардың қойылымдары жәрмеңкеге қатысушылардың көңілен шығып, Валентин Гаюи, Францияның сыртқы істер Министрінің және Дени Дидроның зағип жандарға білім беруді қамтамасыз ету мақсатында арнайы мектептердің ашылуына себепкер болды.

Көру қабілеті бұзылған жандарға арналған инклюзивті орталықтар мен ұйымдардың пайда болуы бірқатар тарихи оқиғалармен байланысты. Шетелде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кітапханалар туралы ақпараттар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болды. Олардың пайда болуына қайырымдылықтың дамуы, білім беру жүйесінің көркеюі, оқу құралдарын жетілдіру себеп болды.

Еуропада арнайы кітапханалар көру қабілеті бұзылған жандарға арналған арнайы білім беру орталықтарының ашылуымен және қамқорлық жасаудың кең жайлауымен байланысты болды. АҚШ-та арнайы кітапханалар мемлекеттік деңгейде жеке қайырымдылыққа негізделіп ашылса, Ресейде мемлекеттік жүйелердің ықпалымен жүзеге асырылды.

Зағип жандарға әр елде әртүрлі қолдау көрсетілген. XIX ғасырда көптеген елдерде білім беру мемлекеттік деңгейде міндетті болып бекітілген. Атап айтқанда, Данияда зағип балаларға міндетті білім беру 1817 жылы, Саксонияда 1873 жылы, Францияда 1857 жылы және Англияда 1893 жылы білім беру жүйесіне енгізілген [3].

Қамқоршы жандар арқылы зағип жандарға білім беру ерте кезеңдерден-ақ жүзеге асқан. Мысалы, Француз қайырымдылық жасаушысы, педагог, алғашқы тифлопедагогтардың бірі Валентин Гаюи 1784 жылы 39 жасында Францияда зағиптарға арналған «Жұмыс жасайтын соқырлар шеберханасын» өз қаражаты есебінен, өз үйінен ашқан. Шеберхананың алғашқы оқушысы болып шіркеуде тұратын Франсуа де Лезюер болған. Кейінірек Франсуамен шамалас жастағы он бірі үйсіз жүрген көру қабілеті шектеулі балалар келген. Бұл оқиға дейін әлемде зағип жандарға арналған оқу орны болмаған. Қаржылық қиындықтарға қарамастан Гаюи өз күшімен зағип оқушыларға арналған оқу құралдары мен кітаптарды басып шығаратын баспахана ашқан [4]. 1786 жылы Валентин Гаюидің «Соқыр балаларды тәрбиелеу туралы» атты алғашқы унициал трактаты жарық көрген. Зағиптарға арналған алғашқы унициал рельефті-сызық шрифті әзірлеу осы Валентина Гаюи есімімен байланысты. Унициал біраз жылдарда зағиптарға арналған кітаптар мен оқу құралдарын басып шығаратын бірден-бір шрифт болып табылған.

Валентин Гаюидің зағип балаларға арналған қамқоршылық іс-әрекеттері Ресей империясының назарын аударған. 1803 жылы Ресей императоры Александр I сол кездегі Ресейдің астанасы Санкт-Петербургте толық зағип немесе жартылай көзі көрмейтін адамдарға арналған алғашқы оқу орнын ашу туралы шешім қабылдап, 1807 жылы зағип жандарға арналған Санкт-Петербург институтының ережесін, штатын және бюджетін бекітті. Осы уақыт Ресейдегі зағип жандарға арналған алғашқы білім беру, оқыту орындарының пайда болуымен сипатталады [5]. 1824 жылы Луи Брайл унициалға альтернатива ретінде рельефті-нүктелі шрифт Брайлды ойлап тапты және оқу құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында білім беру үдерісіне енгізе бастады. Одан кейінгі уақытта басқа да шрифтер ойлап табылды, бірақ Брайлдың рельефті-нүктелі шрифті тиімділігі бойынша кеңінен таралып, қолданысқа еніп кетті.

Еліміздегі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханалардың пайда болуы өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастау алады. Ол 1969 жылғы ақпан айының 12 жұлдызында №29 бұйрығымен Қазақ ССР Мәдениет Министрлігінің «Республикада көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар ашу туралы» қаулысынан бастау алады. Қазақ ССР Мәдениет Министрлігінің бұйрығына байланысты 1969 жылы Республика бойынша 14 арнаулы кітапханалар, атап айтқанда №22 Алматы қалалық кітапханасы ашылды. Осы кітапхана негізінде Қазақ ССР Мәдениет министрлігі және Қазақ соқырлар қоғамы орталық басқармасының ұсынысымен 1971 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің №50 жарлығымен «Көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» құрылды [6].

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің 2023 жылғы ақпараты бойынша елімізде көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға 17 арнайы кітапханалар жұмыс жасайды (Диаграмма 1 қараңыз).



Диаграмма 1. Қазақстан Республикасындағы арнайы кітапханалардың саны

Соңғы жылдардағы еліміздегі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалар туралы ақпараттар бойынша, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапханалардағы кітап қоры - 1002560 дананы құрап, оқырман саны – 33889 адамды құраған. Қазақстан Республикасы бойынша 2020 жылы арнайы кітапханалардың зағип азаматтарға кітапханалық қызметпен қамту көрсеткіші төмендегідей (Кесте 1) [7]:

Кесте 1 – Қазақстан Республикасы бойынша зағип азаматтарды кітапханалық қызметпен қамтамасыз етудің пайыздық көрсеткіштері

Арнаулы кітапханалар атауы	Зағип және нашар көретін тіркелген тұрғындар саны	Зағип оқырмандар саны	Зағип және нашар көретін азаматтардың кітапханалық қызметпен қамтылуы
Ақтөбе	879	644	73,2%
Астана	480	230	47,9%
Атырау	764	443	57,9%
Алматы	1323	373	28,1%
Шығыс Қазақстан	987	423	42,8%
Жамбыл	387	287	74,1%
Батыс Қазақстан	1515	802	52,9%
Қарағанды	1981	780	39,3%
Қызылорда	1208	984	81,4%
Қостанай	618	95	15,3%
Көкшетау	3043	636	209,2%
Маңғыстау	761	378	49,6%
Павлодар	1400	1611	115,0%
Петропавл	796	761	95,6%
Семей	560	383	68,3%
Шымкент	2785	3621	130,0%
Барлығы	16748	12451	1180,60%

Қазіргі қоғам кітапханалар ақпараттық, мәдени, білім беру ресурстарына қолжетімділігі арта отырып, үздіксіз білім алуға және әлеуметтік шеттетілуді төмендетуге мүмкіндік береді деп күтуде. Соған орай, кітапханалардың рөлінің өзгеруі, олардың үздіксіз білімнің және әлеуметтенудің орталығы ретінде дамуы заман талабы. Өзгерістер кітапханалардан қоғамның қажеттіліктерін, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандардың енуін қабілеттендіруді міндеттейді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қызметтер кітапханалар үшін жаңа сала емес, бірақ қоғамның жаңа қажеттіліктері осы топқа жаңа амалдарды, сәйкесінше жаңа қызметтерді талап етеді. Әлеуметтік инклюзия мен кітапханалардың әлеуметтік инклюзивті ұйым ретіндегі маңыздылығын замануи зерттеушілер Ирвин және Силк [8], Лойд [9] еңбектерінде әлеуметтік инклюзивті кітапханалар мүдделі тараптар мен жалпы қоғамның қажеттіліктеріне негізделетінін көрсетті. Сондықтан кітапханалық қызметтер жасына, жынысына, нәсіліне немесе мүгедектілігіне қарамастан барлық адамдарға қолжетімді болу керек деп санайды.

Осы тұста мемлекет тарапынан, айналасындағы адамдардан қолдаудың қажеттілігі өсе түседі [10]. Қоғам көзі нашар көретіндерді ортаға интеграциялауда инклюзивті қызметті және қолайлы әлеуметтік ортаны қалыптастыру жолдарын, нашар көретін адамдарды қоғаммен қарым-қатынасты жақсарту іс-шараларының қажеттілігін көрсетеді.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Көру қабілеті нашар немесе зағип жандардың тиімді әлеуметтік бейімделуіне арнайы кітапханалардың әсерін бағалау мақсатында әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Зерттеу Алматы қаласындағы Республикалық зағип және көру қабілеті төмен азаматтарға арналған кітапханада 2024 жылдың мамыр-маусым айларында өткізілді. Зерттеу құрылымданған сұхбат әдісі негізінде кітапхана қызметін қолданушы 5 оқырмандар мен кітапхананың 4 қызметкерлерінен алынды. Кітапхана оқырмандарына сұхбат барысында зерттеу мақсаттарына сай құрылымданған негізгі 4 мәселе бойынша сұрақтар қойылды:

Кітапхананың орналасу орны, аялдамадан кітапханаға дейін жету, жол белгілері, қоғамдық көліктермен сипатталатын қала ортасының қолжетімділігі;

Кітапхананың құрылымы, оқырмандардың кітапханада өздігінен қозғала алуы, брайл шрифтіндегі моносхеманың болуы, тактильді плиткалар, контрасті линолеум, сөйлейтін кнопкалар туралы ақпараттарды анықтайтын кітапхананың қолжетімділігі;

Кітапхана оқырмандардың бағалаулары, қалаулары, кітаптарға деген сұраныстары;

Көру қабілеті нашар немесе зағип жандарға арнап, кітапхананың арнайы ұйымдастырылатын (ақын-жазушылармен, өнер иелерімен кездесу, мұражайлар, көрмелер, киноға бару) іс-шараларды тиімділігі.

Қала инфрақұрылымының қолжетімділігі көру қабілеті нашар адамдар үшін маңызды болып табылады, сондықтан да, сұхбаттың алғашқы сұрағы қалалық ортаның қолжетімдігін бағалауға байланысты қойылды, кітапхана келесідей пікірлерін білдірді:

Оқырман 1:

- *«Қалалық ортаның қол жетімділігі» жағынан ешқандай қиындық туындатпайды. Төле би көшесіннен қаланың барлық бағыттарына жүретін автобустар бар. Зағип адамдар үшін басты қиындық ол самокаттар, олардың кез-келген жерде қалуы. Біз таяқпен күнделікті үйренген жерлерімізді бағдарлап жүреміз, қиылыстарды жаттаймыз, жол жүру жолақтары мен бағдаршамдарды есте сақтап жүреміз. Осы жерлерде самокаттардың белгіленген жерде емес кез-келген жерде қалғандықтан сүрініп құлап, жарақат алатын де кездеріміз болады. Тағы бір қиындық ол мопедтер, бағдаршамда шыға келеді, автобустармен, жеңіл автокөліктермен жағаласып, тығылысып жүреді. Көп жағдайда байқалмай қалатындықтан жолдан өтуге, автобустың міну кездерінде де келеңсіздік тудырып жатады».*

Оқырман 2:

- Қалалық орта қол жетімділігі жағынан ешқандай қиындық туындатпайды. Кітапхана қаланың шеті емес орталықта, барлығы білетін жерде орналасқан. Айта кететін қиындық туындататын ол қозғалыстың өте көптігі, көліктер тығыз жүреді. Дыбыстандырылған бағдаршамдар дыбысын есту кез келген уақытта мүмкін бола бермейді және көп көшелерде дыбыстандырылған бағдаршам жоқ. Жаяу жолақтардың өзінде загіптарға арналған бағыт беретін жолақтар салынбаған».

Оқырман 4:

Қалалық орта барлық кезде қолжетімді бола бермейді. Мен көбіне кітапхана жету үшін туыстарымның көмегіне немесе таксимен келемін. Қалада жүру бойынша қиындықтар бар, жүретін жолдардың біз сияқты загіп жандарға бейімделмеуі, кейбір автобустарда аялдамаларды айтатын дыбысталудың болмауы, көліктердің көптігі. Бірақ қазіргі кезеңде бұрынға қарағанда біраз жақсарып қалды.

Оқырмандардың жалпы көзқарасы бойынша қалалық ортаның қолжетімділігі орташа деңгейде бағалайды. Кітапхана қала ортасында орналасқандықтан қоғамдық көлікпен келу қиындық тудырмайтынын байқатты, бірақ көліктің көптігі, қоғамдық көліктердегі адамдардың көптігі, бағдаршамдардың дыбысталмауы, арнайы жолақтардың аздығы т.б. мәселелердің әлі де толыққанды шешілмегендігін айтып өтті.

Кітапхана оқырмандарынан осы кітапхананың жағдайы, қолжетімділігі, ресурстары, қимыл-қозғалыс еркіндігін анықтауға бағытталған екінші критерий бойынша «Кітапхананың қолжетімділігін, соның ішінде кітапхана қызметтерін, жабдықталуын, қызмет көрсетуін қалай бағалар едіңіз?» деген сұрақ қойылды:

Оқырман 3:

- «Кітапхананың қол жетімділігі» бойынша кітапханада толығымен жақсы жағдайда деп айта алмаймын. Кітапхананың 50 жылдан астам тарихы бар, қазіргі уақытта үлкен жөндеуді, халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықтауды қажет етеді. Кітапхананың кіре берісі, баспалдақтары мен тактилді плиткалары әбден тозығы шыққан. Мен осы жерде жұмыс жасағанмын, қазіргі күні тұрақты оқырманмын. Барлық жерді толығымен жаттағанмын, жаңадан келген оқырмандар үшін әрине қиындықтар туындатады. Бұл әрине жабдықталу бойынша кемшіліктерін көрсетеді».

Оқырман 4:

- Бұл сұрақтар бойынша кітапхана жақсы жағдайда деп айта алмаймын. Кітапхананың кіре берісінде моносхема бар ма жоқ па мен білмеймін, біз әрбір қабырғаны сипалап жүре алмаймыз. Студент кезімнен жиі барып, кітаптар оқимын. Ол кезде де кітапхананың техникалық жабдықталуы керемет емес болатын, қазір де жақсы жағдай жасалмаған. Қолжетімділік бойынша жұмыстар жасауды қажет етеді».

Оқырман 5:

-Кітапханада бар кітаптарды тактилді кітаптарды, аудиокітаптарды, брайл шрифтінегі кітаптар т.б. оқу жолдарын пайдаланамын. Жалпы кітапхана қолжетімділігін қанағаттанарлық деңгейде деп айтуға болады. Жаңа технологияларды қолдану бойынша қызметкерлерден кеңес алуға немесе материалдар іздегенде көмек алуға болады. Заманның дамуына сай жаңа нәрселерді қолданғымыз келеді».

Оқырмандардың басым бөлігі кітапхананың қолжетімділігін жақсы деңгейде деп бағаламайды, кітапхананың арнайы жабдықталуының нашарлығы, кітаптардың сапасы, ұсынылатын қызметтердің шектеулігі, қазіргі заманға сай технологиялардың жеткілікті деңгейде еместігі т.б. мәселелері олардың ойландыратын мәселелердің қатарында екендігі байқалды. Яғни, көру мүмкіндігі шектеулі жандардың қазіргі қоғамдық ортаға сай әлеуметтік бейімделуі үшін кітапхананың қызметтерін жетілуді қажеттілігі анықталды.

Кітапхана қызметін пайдалану барысындағы негізгі бағыттарын анықтау мақсатында оқырмандардан кітапхананы пайдаланудағы ұстанатын «олардың қалаулары» туралы сұралды. Оқырмандар өздерінің қызығушылықтарына қарай әртүрлі бағытта кітаптар

оқитыны және әртүрлі форматты қолданатындарын айтты. Жас ерекшеліктеріне қарай орта жастағылар брайл шрифті кітаптарды қолдануды қаласа, жастар барлық форматты пайдалануға тырысатындарын және жаңадан шыққан шығармалар, жаңалықтар туралы білгісі келетіндіктері байқалса, мақсатты түрле өздерін дамытуға, білім алуға бағытталған кітаптар оқитын оқырмандар болды.

Оқырман 3:

- *«Мен өзім тарихи, ескі шығармаларды ұнатамын және Брайл шрифтіңде жиі оқимын. Кітапханада қазір дыбысталған кітаптар да бар. Бірақ мен оны тыңдасам ешқандай кітап оқыған секілді әсер алмаймын. Сондықтан өзім кез-келген уақытта Брайл шрифтіңдегі кітапты оқып, кино көргендей көз алдымнан өткізгенді ұнатамын».*

Оқырман 4:

- *«Әрине, студент кезімде сабаққа қатысты кітаптар оқитынмын. Қазір әртүрлі бағыттағы кітаптарды пайдаланамын, көбінесе ғылыми әдебиеттерді Брайл шрифтіңде оқимын».*

Оқырман 5:

Мен кітапханаға келгенде барлық мүмкіндіктерді пайдаланғанды ұнатамын. Брайл шрифтіңдегі кітаптарды, аудиокітаптарды, жаңалықтарды білу бойынша да аудиожазбаларды оқимын, тыңдаймын. Үйге алып кететін кездерім де көп болады. Көбіне әдіби шығармаларды, жаңа шыққан әдебиеттерді оқуды қалаймын».

Зерттеу нәтижесінде оқырмандардың арнайы кітапхананы пайдалануда жас ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі екендігі байқалды. Брайл шрифтіңдегі әдебиеттерді оқу ересек адамдарда қиындық туындатпаса, жастар арасында аз қолданылады, себебі олар оны толық игермеген. Оларға кітаптар алдын ала дыбысталған, дискіге жазылған нұсқаларда немесе кітапхана қызметкерлерінің кітапты оқып беру қызметтері ұсынылады. Жас оқырмандардың қазіргі дамыған технологиялар негізіндегі дыбысталған кітаптарды жиі қолданатындығы анықталды. Оған ықпал ететін тағы бір себеп ол Брайл шрифтіңдегі кітаптар саусақпен сипалап оқылатындықтан, кітап 4-5 рет оқылғаннан кейін оның бедерлері жоғалып, қиындықтар туындатады. Сол себепті де қазіргі күні жас және орта жастағы оқырмандар арасында дыбысталған әдебиеттерге сұраныс көбірек. Бұл жағдай да олардың ақпараттық қоғам сұраныстарына сәйкес келетін әлеуметтік бейімделудің ерекшеліктерін көрсетеді.

Кітапхана бұл тек білім беру, ақпараттану қызметін ғана ұсынып қоймайды, сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғаммен үндестіретін, әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін мәдени орталық. Кітапханаларда осы мақсатқа қол жеткізу үшін әртүрлі мәдени шаралар ұйымдастырылып тұрады. Осындай іс-шараларға оқырмандардың көзқарасын, белсенділігін білу зерттеуіміздің негізгі міндеттерінің бірі болды.

Оқырман 1:

«Зағип азаматтар өздерінің шығармаларын осы кітапхана арқылы басып, шығарып презентациялайды. Компьютерлік сауаттылыққа үйрететін де арнайы іс-шаралары бар. Мен соған қатысып көрдім. Мүмкіндік болған жағдайда барлық іс-шараларға қатысуға тырысамын».

Оқырман 3:

- *Мұнда көптеген жұмыстар жүргізіледі. Атақты ақын-жазушылармен кездесу, қаладағы мұражайларға бару, әртүрлі бағыттағы клубтар жұмыс жасайды. Сонымен қатар, маған ең ұнайтыны телефон арқылы автожауап бергіш. Яғни, кешкі 18:00-ден кейін таңғы 9:00-ға дейін қоңырау шалып кітапханадағы алдағы аптада болатын іс-шаралар, жаңадан түскен шығармалар туралы толыққанды ақпарат алуға болады. Өзіңіз қалаған іс-шараға жоспарлы түрде келіп қатысып, қажетті ақпаратты алып, ойыңызбен бөлісіп, қарым-қатынас қалыптастыруға үлкен мүмкіндік. Жан-жақты, қарым-қанытас қалыптастыру, қоғаммен етене араласып жұмыс жасап, білім алу қажет. Кітапхананың мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өзіңді дамыту, әлеуметтік бейімдеп қоғамға ене білу қажет деп ойлаймын».*

Оқырман 4:

- «Кітапханада өте көптеген жұмыстар жүргізіледі. Әртүрлі кездесулер, арнайы экскурсиялар ұйымдастырылады, әртүрлі клубтардың жұмыс жасайтындығы туралы хабардармын. Бірақ өзім оларға көп бара бермеймін, қазір барлығын интернеттен де қарауға болады. Өзіме қызықты болған іс-шараға ғана барамын».

Оқырмандар кітапханадағы әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылып және ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға жағымды көзқарастарын білдірді. Бұл шаралар олардың өз-өздерін дамытуға, тануға, бағалауға әсер ететінін де атап өтті. Көптеген қиындықтарға қарамастан осы санаттағы жандарға бейімделген іс-шаралар мен замануи технологияларды енгізу кітапханалардың мәдени өмір орталығы болуына мүмкіндік береді.

Кітапхана қызметкерлерімен сұхбат барысында кітапхана жағдайы, көрсетілетін қызметтер, қолжетімділік, заманауи технологияларды ендіру туралы сұрақтар қойылды.

Қызметкер 1:

«Кітапхана көзі нашар көретін немесе зағип жандарға ақпарат беру, білімге қажетті кітапханалық қызметті көрсетіп ғана қоймай, олардың әлеуметтік-мәдени өмірге араласуына, бос уақытын тиімді пайдалану, ортамен қарым-қатынасты орнатуға да үлкен үлес қосады. Кітапхана үйде қызмет көрсетуді де жүзеге асырылады. Оқырман қажетті кітаптарына тапсырыс береді, кітаптар жинақталып Брайл шрифтінде 1 айға, жайпақ баспадағылар 10 күнге қолға беріледі. Әртүрлі компьютерлік сауаттылыққа, онлайн кітаптарды қолдануға, адаптивті технологияларға үйрету бойынша тренингтер ұйымдастырылады».

Қызметкер 2:

Кітапханада зағип жандарға білім алу, кітап оқу, мәдени шараларға қатысу сияқты қызметтер ұсынылады. Кітапхана қызметкерлері тарапынан ақпараттарды іздеу, каталогпен жұмыс, басқа да құралдарды пайдалану бойынша көмек көрсетіледі. Қызметкерлер ғана зағип жандардың өздері де жұмыс жасап, бір-біріне көметеседі. Алдын-ала телефон арқылы жазылса, кітапханашылар оқырманға 2 сағат уақытқа кітап оқып береді немесе құжаттарын компьютерде теруге көмек қолын созамыз.

Қызметкер 3:

Кітапханамыз оқырмандарға өздері шығарған кітаптары болса, презентация жасап таныстыруға мүмкіндік жасайды. Оқырмандармен атақты ақын-жазушылармен, жас жазушылармен, қоғамдық қайраткерлермен кездесу ұйымдастырамыз. Жалпы арнайы кітапханалар тек әдебиеттермен қамтамасыз етіп қана қоймай, оқырмандардың ойлау қабілеттерін дамытып, қызығушылықтарына сәйкес дағдыларын қалыптастыруға, қоғамға интеграциялануына ықпалын тигізеді».

Жалпы сұхбат нәтижелерін талдау барысында жалпы арнайы кітапханалардың қызметі мен жұмыстары әлі даму барысында екенін көруге болады. Арнайы кітапханалар оқырмандарға бірнеше бағытта қызмет көрсетілетіні анықталды, атап айтқанда, компьютерлік сауаттылық, кітапты оқып беру, баспалық жұмыстар, брайл шрифтінде кітаптарды баспадан шығару, көзі нашар көретін немесе зағип жандардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шаралары және т.б. сонымен бірге, оқырмандар сұранысы бойынша кітаптардың дыбысталған нұсқасын дискіге жазып беру қызметі де ұсынылады.

Сұхбатқа қатысқан қызметкерлер қазіргі уақытта арнайы кітапхананың қызметтерін дамыту мақсатында кітапхана жанынан баспахана ашу жұмыстары жүргізіліп жатқандығын айтты. Кітапханада осыған дейін де брайл шрифтімен кітап шығаратын бөлім болған, бірақ бұл аздық ететіндіктен кітаптарды республикалық деңгейде таратуға жеткіліксіз болып табылады. Брайл шрифтіндегі кітаптарды зағип жандар қолмен сипалап оқитындықтан, кітаптарды 4-5 оқырман оқығаннан кейін, бедерлі нүктелері үйкеліп, саусаққа нақты сезілмей қалады. Сондықтан да, брайл шрифтіндегі кітаптарды үнемі жаңартып отыру қажет деп санайды. Сондай-ақ, Президенттің жыл сайынғы Жолдауы оқырмандардың елімізде болып жатқан ақпараттармен таныс болу мақсатында брайл шрифтімен басып шығарылатындығы да маңызды іс-әрекеттер ретінде қарастыруға болады.

Сұхбат берушілердің жауаптарын сараптау кітапхананың дамуы бағыттармен бірге бірқатар мәселелердің бар екендігін де көрсетті. Солардың қатарында, кітапхана қызметін, басқаруды реттеуге арнайы заңның жоқтығы, кітапханада мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек беретін әлеуметтік қызметкер мамандарының жоқтығы, замануи жабықтармен қамтамасыз етудегі қаржылық қиындықтар т.б. мәселелерді айтуға болады.

ТАЛҚЫЛАУ

Кітап арқылы, еліміздің тарихын, тілін, мәдениетін сақтау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, белгілі бір мәдени орта қалыптастыру, қарым-қатынас орнату секілді латентті қызметтерін жүзеге асыруға тырысады [11]. Соның ішінде көру қабілеті бұзылған немесе зағип адамдарды қоршаған ортаға қосу, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне арнайы кітапхананың ықпалының зор екендігі зерттеуге қатысқан зағип жандардың көзқарастарын талдау барысында айқын көрінді. Кітапханалар тұтынушыларды тек қажетті материалдармен ғана қамтамасыз етіп ғана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік интеграция қызметін атқарады. Зерттеуімізде көру қабілеті бұзылған адамдардың әлеуметтік бейімделуіне көмек беретін арнайы кітапханалардың қызметтерінің қолжетімділігі мен қызмет көрсету сапасы, кітапханалардың жүргізетін іс-шаралардың тиімділігі толыққанды талдау жасалынды деуге болады.

Жұмыстың маңызды аспектілерінің бірі ретінде ақпараттық ресурстарға қолжетімділік қарастырылды. Аудио кітаптар, тактильді кітаптар, Брайл шрифті және арнайы бағдарламалық құралдар сияқты замануи технологиялар көру қабілеті бұзылған адамдарға кітапхана қызметтерін белсенді қолдануға мүмкіндік беруде. Дегенмен де, осы технологиялық құралдарды алуға қаржыландырудың жеткіліксіздігі мен жаңа ресурстарға қолжетімділіктің шектеулігі мәселелері өзекті екендігі айқындалды.

Тағы бір маңызды аспект ретінде кітапхананың өзінің оқырмандарының әлеуметтік ортасын қалыптастырудағы рөлін айтуға болады. Арнайы кітапханалар мүмкіндігі шектеулі жандардың коммуникативті дағдыларын, өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік бейімделулерін қабілеттендіретін білім беретін және мәдени іс-шараларды ұйымдастырады. Бұл көру қабілеті бұзылған жандардың өзара байланыс орнату, өзара қолдау көрсету тәжірибесін дамытуға көмектеседі.

Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері арнайы кітапханалардың табысты жұмысы көп жағдайда кітапханада қызмет көрсететін кітапхана қызметкерлерінің кәсіби деңгейімен тікелей байланысты екендігін көрсетті. Кітапханашылардың көру қабілеті нашар және зағип жандармен қазіргі замануи әдістермен жұмыс жасауы үшін кәсіби біліктілігін арттыру бағдарламалары, инклюзивті технологияларды қолдану қажеттілігі артууда.

Зерттеу нәтижесінде арнайы кітапханалар көру қабілеті нашар адамдардың әлеуметтік бейімделуінде шешуші рөл атқарады және инклюзивті орта құруға мүмкіндік беретіндігі айқындалды. Бұл білім алуға ғана емес, сонымен қатар олардың сенімділігі мен тәуелсіздігін арттыруға көмектесетін дағдыларын дамытуға ықпал ететіндігі дәлелденген.

Сонымен қатар, арнайы кітапханалар көбінесе қоғамдастық құруға және көру қабілеті нашар адамдар арасында тәжірибе алмасуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырады. Мұндай іс-шараларға лекциялар, шеберлік сыныптары және қызығушылық клубтары кіруі мүмкін, бұл әлеуметтік байланыстардың қалыптасуына ықпал етеді және тиесілілік сезімін сақтайды.

Сондықтан мемлекеттік және жеке ұйымдардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ете отырып, осындай кітапханаларға қолдау көрсету маңызды. Қорытындылай келе, арнайы кітапханалар көру қабілеті бұзылған адамдарды әлеуметтік бейімдеудің маңызды құралы болып табылады. Олар ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар әркімнің өз әлеуетін дамытуға және жүзеге асыруға мүмкіндігі бар инклюзивті қоғам құруға ықпал етеді. Мұндай кітапханаларды қолдау және дамыту теңдік пен инклюзияға ұмтылатын қоғам үшін басымдыққа айналуы керек.

Арнайы кітапханалардың зағип жандардың әлеуметтік бейімделуіндегі орнын зерттеу олардың әлеуметтік бейімделуінің құралдары мен инновациялық амалдары туралы ғылыми білімді кеңейтуге көмектеседі. Көру қабілеті бұзылған адамдардың сезімі мен мінез-құлықтарын талдайтын әлеуметтік жұмыс, кітапхана ісі, психология, тифлопедагогика ғылымдары арасындағы пәнаралық байланысты дамыту қажеттілігі айқын көрініс береді. Соның ішінде әлеуметтік қызметкер мамандарының арнайы кітапханаларда қызмет етуінің маңыздылығын атап өтуге болады. Себебі, қазіргі таңда барлық кітапханаларда тек кітапханашы мамандар қызмет атқарады, ал олар әлеуметтік қызметкер маманының біліктілігін игермеген. Әлеуметтік қызметкерлер кітапхана оқырмандарымен, яғни көру мүмкіндігінен айырылған адамдармен әлеуметтік жұмыс барысында әртүрлі әлеуметтік технологияларды қолдану негізінде жұмыс жасайды. Сұхбат барысында арнайы кітапханаларда кітапханашылар тек кітапхана қорымен таныстыру және кітапханалық қызмет көрсету жұмыстарымен айналысатындығы айқындалды. Әлеуметтік қызметкердің кітапханашыдан айырмашылығы көру мүмкіндігінен айырылған адамдарға жеке кеңес беру, жаңа технологияларды пайдалану, іс-шаралар ұйымдастыру, қолжетімді орта қалыптастыру, ақпарат алуға қолдау көрсету және психологиялық қолдау секілді кәсіби қызметтер көрсетеді. Арнайы кітапханадағы әлеуметтік қызметкерлер жоғарыда аталғандардан бөлек әлеуметтік әріптестік қалыптастыруға ықпал етеді және оның негізінде арнайы кітапхананың және оқырмандарының көптеген әлеуметтік мәселелері шешімін тауып, даму бағытында қосымша заманауи мүмкіндіктерге ие болады.

П.Вахю мен басқа да зерттеушілер қазіргі кезеңдегі адаптивті технологияларды экранды ридерлер, Брайл дисплейі және жасанды интеллект негізіндегі дыбыстық навигация жүйесі сияқты құралдар кітапханалардың қолжетімділігін жақсартатынын қарастырады [12]. Еліміздегі арнайы кітапханалардың инфрақұрылымы және сандық қызметтердегі әмбебап дизайн принципін ескеру инклюзивтілікті қамтамасыз етуді дамыту да негізгі мақсаттардың қатарында. Зерттеушілер кітапхана, IT-мамандар және ұйымдардың әріптестігін қалыптастыру мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға арналған инклюзивті ортаны қалыптастыруда қазіргі тиімді қадамдар ретінде атап өтеді. Қазіргі кезеңде тактильді графиканы білім беру, ойын-сауық, навигация және кәсіби қызмет сияқты әртүрлі мақсаттарда қолдануға болады [13]. Зағип жандардың тактильді графиканы өз бетінше зерттеуге ақпаратты табу үшін кітапханада да қолдану мүмкіндігін қарастыру қазіргі қажеттіліктердің бірі.

Жүргізілген зерттеуде арнайы кітапханалардың көру қабілеті бұзылған немесе зағип адамдардың әлеуметтік бейімделуінде оларды біліммен және мәдени материалдармен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Кітапханалардың мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтенуі мен өмір сапасының жақсаруына әсер ететіні туралы болжамдарымыз расталды. Бірақ зерттеуіміздің де кейбір шектеулі жақтарын айтып өтуге болады, яғни зерттеуге қатысушылар бір қала бойынша ғана қамтылды, бұл өз кезегінде нәтижелердің аталған мәселені барлық аймақ бойынша сипаттауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан да, аталған мәселені еліміздің басқа да аймақтары бойынша эмпирикалық зерттеулер жүргізу арқылы толықтырып, болашақта салыстырмалы талдау жасау мәселені кешенді түсіну мен оны шешудің заманауи әдістерін ұсынуға мүмкіндік берері анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зағип жандарға арналған арнайы кітапханалар әдебиеттер мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етумен бірге, қоғамға мәдени, білім беру және әлеуметтік интеграциясына көмегін тигізеді. Қазіргі заманауи қоғамда электронды кітаптар, аудиокітаптар, тактильді құралдар көру қабілеті бұзылған немесе зағип жандардың тұлғалық өсуіне және өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кітапханалар кеңес алатын, тәжірибе алмасатын және әлеуметтік байланыс орнататын әлеуметтік қолдау орталығы қызметін де атқарады.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар кітапхана қызметіне жүгіну арқылы әлеуметтік ортаға енуді, кітапхана ұйымдастырған іс-шараларға қатысумен басқа ұйымдармен байланыс орнатуды, қаланың мәдени ошақтарымен танысуды, білімін, танымын толықтыруды, яғни әлеуметтік бейімделуді жүзеге асырады. Осындай мекемелер инклюзивті қоғамды дамытудың негізгі орталығы бола алады, онда әрбір тұлға физикалық шектеулеріне қарамастан толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік алады. Арнайы кітапханаларды дамыту және оларды қазіргі заманауи технологиялармен жабдықтау – барлық азаматтар үшін теңдей мүмкіндік берудің маңызды қадамы. Тактильді дисплей және экран арқылы оқу бағдарламалары сияқты заманауи технологияларды арнайы кітапханаларда қолдану аясын кеңейту көру қабілеті бұзылған және зағип адамдардың цифрлық сауаттылығының артуына, әлеуметтік және кәсіби қалыптасуына көмектесетіні зерттеу барысында айқын көрініс тапты.

Дегенмен де, арнайы кітапхана қызметін қолданушылардың қызметті пайдаланудағы қолжетімділіктің шектеулілігі мен оларға қызмет көрсететін әртүрлі білікті мамандардың жетіспеуі, кітапхана ресустарының тапшылығы, зағип жандардың қоғамға әлеуметтік тиімді интеграциялануында бірқатар мәселелердің бар екендігі анықталды, бұл өз кезегінде осы мәселенің әлі де пәнаралық жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді.

Бұл ғылыми жұмысты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылыми комитеті қаржыландырады (Грант AP22685041)

Әдебиеттер:

1. Антоненко А.А., Кочина М.В. Будь моими глазами: как новые технологии помогают слепым людям жить и работать. Социологический аспект // Вестник экономики, права и социологии. – 2022, – №4, – С.64-68.
2. Шапошников А.Е. Библиотечное обслуживание инвалидов: история, современность, тенденции. – М.: РБЦС. – 2012. – 210 с.
3. Шадский О.Г. Становление и развитие института частной благотворительности в США // Социально-экономические явления и процессы. – 2011. – №1-2. – С. 281-289.
4. Barugh J. Public Libraries and Organisations Serving the Unemployed. London: British Library, – 2007. – 119p.
5. Юрген З., Людер С. Двери в прошлое и будущее - библиотеки в Германии. 3-е исп.изд. / перевод Г.Исаева. Издательство «Георг Олмс» Хильдесхайм. – 2007. – 97 с.
6. Зенова Т. В формате «говорящих» изданий: обслуживание читателей с ограничением по зрению // Библиотека. – 2016. – №4. – С. 6-9.
7. Қазақстан Республикасының арнаулы кітапханаларының 2020 жылғы жұмысына аналитикалық және статистикалық шолу. – Алматы: Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана, 2020. – 34-36 б.
8. Irwin, B., Silk, K. Changing Stakeholder Expectations of Library Value [Electronic resource] // Public Library Quarterly. – 2019. – Vol. 38. – P. 1–11. – DOI: <https://doi.org/10.1080/01616846.2019.1571398> (accessed on: 15.12.2024).
9. Lloyd, P. The Public Library as a Protective Factor: An Introduction to Library Social Work [Electronic resource] // Public Library Quarterly. – 2019. – Vol. 39. – P. 1–14. – DOI: <https://doi.org/10.1080/01616846.2019.1581872> (accessed on: 15.12.2024).
10. Нұран, Д.Н., Садырова, М.С. Зағип аналардың ата-аналық әлемдік тәжірибесі [Электрон. ресурс] // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2020. – Т. 72, №1. – 144–150 б. – DOI: <https://doi.org/10.26577/JPsS.2020.v72.i1.15> (қол жеткізу күні: 15.12.2024).
11. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана [Электронды ресурс] URL: <https://qazaqculture.com/kz/heritage/biblioteki/respublikanskaya-biblioteka-dlya-nezryachih-i-slabovidyashchih-grazhdan> (қаралған уақыты: 20.09.2024)

12. Wahyu, P. G., Rizki, W. P., Suprpto, A. Strengthening Accessibility and Inclusivity in Libraries: The Role of Adaptive Technology in Supporting Visually Impaired Users [Electronic resource] // *Journal of Humanities Research Sustainability*. – 2024. – Vol. 1, №2. – P. 84–106. – DOI: <https://doi.org/10.70177/jhrs.v1i2.1177> (accessed on: 15.12.2024).

13. Mukhiddinov, M., Kim, S. Y. A Systematic Literature Review on the Automatic Creation of Tactile Graphics for the Blind and Visually Impaired [Electronic resource] // *Processes*. – 2021. – Vol. 9, №10. – Article No. 1726. – DOI: <https://doi.org/10.3390/pr9101726> (accessed on: 15.12.2024).

References:

1. Antonenko A.A., Kochinova M.B. Bud" moimi glazami: kak novye tehnologii pomagajut slepym ljudjam rabotat". Sociologicheskii aspekt // *Bestnik jeekonomiki, prava I sociologii*. – 2022, – №4, – S.64-68.

2. Shaposhnikov A.E. Bibliotechnoe obsluzhivanie invalidov: istoriya, sovremennost, tendenci. – M.: RBCS, – 2012. – 210 s.

3. Shadski O.G. Stanovlenie i razvitie instituta chastnoj blagotvoritelnosti v SSHA // *Socialno-ekonomicheskie yavleniya i processy*. – 2011. – №1-2. – S. 281-289.

4. Barugh J. *Public Libraries and Organisations Serving the Unemployed*. London: British Library, – 2007. – 119 p.

5. Yurgen Z., Lyuder S. Dveri v proshloe i budushchee - biblioteki v Germani. 3-e isp.izd. / perevod G.Isaeva. Izdatelstvo «Georg Olms» Hildeskhaim. – 2007. – 97 s.

6. Zenova T. V formate «govoryashchih» izdani: obsluzhivanie chitatelei s ogranicheniem po zreniyu // *Biblioteka*. – 2016. – №4. – S. 6-9.

7. Kazakstan Respublikasynyn arnauy kitaphanalarynyn 2020 zhylzy zhumysyna analitikalyk zhane statistikalyk sholu. – Almaty: Zagip zhane nashar koretin azamattarga arналган respublikalyk kitaphana. 2020. – 34-36 b.

8. Irwin, B., Silk, K. Changing Stakeholder Expectations of Library Value [Electronic resource] // *Public Library Quarterly*. – 2019. – Vol. 38. – P. 1–11. – DOI: <https://doi.org/10.1080/01616846.2019.1571398> (accessed on: 15.12.2024).

9. Lloyd, P. The Public Library as a Protective Factor: An Introduction to Library Social Work [Electronic resource] // *Public Library Quarterly*. – 2019. – Vol. 39. – P. 1–14. – DOI: <https://doi.org/10.1080/01616846.2019.1581872> (accessed on: 15.12.2024).

10. Nuran D.N., Sadyrova M.S. Zagip analardyn ata-analyk alemdik tazhiribesi // *KazUY Habarshysy, Psihologiya serijasy*. – 2020. – 72(1), – 144–150b. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2020.v72.i1.15>

11. Zagip zhane nashar koretin azamattarga arналган respublikalyk kitaphana [Jelektrondy resurs] URL: <https://qazaqculture.com/kz/heritage/biblioteki/respublikanskaya-biblioteka-dlya-nezryachih-i-slabovidyashchih-grazhdan> (қаралған уақыты: 20.09.2024)

12. Wahyu, P. G., Rizki, W. P., Suprpto, A. Strengthening Accessibility and Inclusivity in Libraries: The Role of Adaptive Technology in Supporting Visually Impaired Users [Electronic resource] // *Journal of Humanities Research Sustainability*. – 2024. – Vol. 1, №2. – P. 84–106. – DOI: <https://doi.org/10.70177/jhrs.v1i2.1177> (accessed on: 15.12.2024).

13. Mukhiddinov, M., Kim, S. Y. A Systematic Literature Review on the Automatic Creation of Tactile Graphics for the Blind and Visually Impaired [Electronic resource] // *Processes*. – 2021. – Vol. 9, №10. – Article No. 1726. – DOI: <https://doi.org/10.3390/pr9101726> (accessed on: 15.12.2024).